

**Egemen Qazaqstan.** – 2021. - №40. -26 ақпан

Базархан Рустембаев, экономика ғылымдарының докторы, білім және ғылым саласының еңбек сіңірген қайраткері

### **Оқу үдерісін қазақшалауға қосқан үлесі зор**

*Адамды танымал ететін қадір-қасиет көп қой. Біреуді таланты, енді біреуді тынымсыз еңбегі немесе ерекше қабілеті танымал етіп жатады. Адамның сондай көп қырларының бірі деп тиянақтылықты да атар едік.*

Біз таныған Бегендік Утибаевтың бұрынғы Целиноград ауылшаруашылық институтында қазақ тілінде білім беру ісін жолға қоюдағы еңбегі ерен. Ғалым әріптесіміздің осы еңбегін атап көрсете отырып, Алғыс айту күні қарсаңында ризашылығымызды білдіреміз.

1975 жылы Целиноград ауылшаруашылық институтының (қазіргі С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті) экономика факультетіне оқуға түскен ол. Оқу орнында да барлық қоғамдық шаруаға, әсіресе, ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсенді араласып, ізденіске деген қызығушылығын танытты. Дипломын алған соң осы оқу орнына ғылыми қызметкер ретінде орналасып, көп ұзамай статистика кафедрасына аспирантураға қабылданды. 1984 жылы экономика ғылымдарының кандидаты дәрежесінде ойдағыдай диссертациясын қорғады.

Содан бергі уақытта Бегендік Сауытұлы өзі оқыған оқу орнында аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі қызметтерін жоғары ғылыми-педагогикалық деңгейде абыроймен атқара білді. Деканның орынбасары, одан кейін 1989-1997 жылдар аралығында экономика факультетінің деканы болды.

1986 жылы республиканың техникалық және кәсіптік оқу орындары арасында алғашқы болып Целиноград ауыл шаруашылық институтында сабақ үрдісін қазақ тілінде оқыту жұмысы ұйымдастырылды. Міне, осы кезеңде Бегендік Сауытұлы өзінің бастамашыл тамаша қасиетімен көзге түсті. Университеттегі мемлекеттік тілде оқытатын алғашқы оқытушылардың бірі ретінде көптеген жетістікке жете бастады. Әсіресе, оқыту үрдісін қазақ тілді аудиторияға лайықтап қайта ұйымдастыруда, оны оқу-әдістемелік құралдармен және оқулықтармен қамтамасыз ету бағытында экономика факультеті деканы ретінде өлшеусіз үлес қосты.

Өткен ғасырдың 90-ншы жылдары қиын да ауыр жылдар еді. Бегендік Сауытұлы экономика факультетінің деканы ретінде сол жылдары күрделі мәселелермен бетпе-бет келді. Қалай болғанда да оны шешу жолында аянып қалмады. Мысалы, қаржының жетіспеушілігіне қарамай жатақхананың жөнделуі, оқу үрдісін тоқтатпау амалдарын тауып, оқытушылар құрамын сақтап қалуда бар мүмкіндігін пайдаланды. Б.Утибаевтың еңбегі бағаланып,

1997 жылы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Ол 1999-2001 жылдары Есеп және статистика кафедрасының меңгерушісі, 2001 жылдан бүгінге дейін Есеп және аудит кафедрасының доценті қызметін атқарып келеді. Жалпы, қазіргі еңбек етіп жатқан ұжымындағы жұмыс өтілі 41 жылды құрайды.

Бегендік Сауытұлының тағы бір қызметтік кезеңі – 2003-2010 жылдары Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінде оқу ісі жөніндегі проректор болып қызмет атқарғаны. Оқу орнында сол кездегі ректор, ҰҒА академигі, экономика ғылымдарының докторы, профессор, марқұм Ғ.Сейітқасымовтың шақыруымен келген.

Проректорлық қызметті де Бегендік ағамыз барлық жауапкершілікпен, абыроймен, адал атқара білді. Жаңа университеттің оқу ғимаратын салуда да, профессорлар мен оқытушыларды жұмылдыруда да, оқу процесіне алғашқы қатарда кредиттік жүйені енгізуде де өзінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қабілетін толығымен көрсеткен, дейді әріптестері. Университеттегі еңбегі бағаланып, 2007 жылы «Астанаға – 10 жыл» медалімен, 2008 жылы Білім және ғылым министрінің Алғыс хатымен, 2009 жылы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

ЖОО-да істеген уақытында Б.Утибаев оқытушылық қызметімен қатар, ғылыми жұмыстармен де жүйелі түрде айналысты. Ғалымның бұл реттегі жұмыстары республиканың экономика, қаржы, мемлекеттік бюджет, жергілікті өзін-өзі басқару мен ауылдық аймақтарды дамыту сияқты түрлі мәселелеріне арналған. Ол 160-тан астам ғылыми еңбектің, оның ішінде 3 монография, қазақ және орыс тілдерінде дайындалған 12 оқулық, басқа да оқу құралдарының авторы. 5 оқулығы ЖОО және жоғары оқудан кейінгі білім берудің республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің «Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» мамандықтар тобы бойынша оқулық және оқу құралдары ретінде баспаға ұсынылған. Сондай-ақ Б.Утибаев – қазақ тілінде жарық көрген «Мемлекеттік бюджет» атты алғашқы оқулықтың авторы.

Бүгінде есеп және аудит кафедрасының доценті ретінде студенттерге ұстаздық ете жүріп, ғылымнан қол үзген жоқ. Оның шәкірттері еліміздің түкпір-түкпірінде абыроймен қызмет атқаруда. Олардың қатарында жоғары лауазымды басшылар мен кәсіпкерлер, экономистер мен бухгалтерлер, басқа да білікті мамандар баршылық.